

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

терминология, қол қобды рәсімдеу, алғысөз, ескертпе, түсіндірмелер. Аталған аспектілер әлбетте аудармашы үшін қызығушылық туғызады және бөлек зерттеу тақырыбы бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеева, И.С. Введение в переводоведение [Мәтін]: учеб, пособие для вузов / И.С. Алексеева. – М.: Академия, 2004. – 352 с.
2. Борисова, И.Н. Дискурсивные стратегии в разговорном диалоге [Мәтін] / И.Н. Борисова // Русская разговорная речь как явление городской культуры. Екатеринбург, 1996. – С.21-48
3. Дейк, Т. А. ван, Кинч, В. Стратегии понимания связного текста [Мәтін]/ Т.А. ван Дейк, В. Кинч // Новое в зарубежной лингвистике. – Когнитивные аспекты языка. – М.: Прогресс, 1988. – 231 с.

УДК 81'1-027.21

КИНОМӘТІНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Аярбекова Талшын

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылым жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қызырова Ә.М.

Өмірлік тәжірибе сияқты, киномәтін бізге сезімдік-эмоционалды, рационалды және интуитивтік, яғни түсінік деңгейінде әсер етеді. Киномәтіннің ғажайыбы сол, қарапайым танымдық суреттер арқылы белгілі бір мәтін пайда болып, содан біздің қабылдауымыз қалыптасады. Бұндай барлық визуалды хабарламалардың құрушысы қолданушыға тек хабарламаны беріп қана қоймай, сондай-ақ оны оқудың ережесін де ұсынады. Визуалды медиа мәтіннің ақпараттық қанықтығы- жіберілетін адамның ұсыныстары мен күтілетін дүниелерінің белгілі бір интерсубъективтік жинағы арқылы қалыптасатын автор белсенділігі, қолданушы мен шынайы мәдени контексттің белсенділігі ретіндегі вектор- лық соммасы сияқты құрылады.

«Киномәтін» термині әдебиетте жиі кездесіп жатады. Кино өнері туралы, сондай-ақ мәтін туралы да шығармаларды Юрий Михайлович Лотман, Юрий Цивьян, Елена Борисовна Иванова жазған. 2004 жылы Геннадий Геннадьевич Слышкин мен Марина Алексеевна Ефремова киномәтінді игеруге арналған кітап шығарған.

Киномәтін тақырыбы жайлы көптеген материалдарды қорытындылай келе, біз кино зерттелімінің ежелгісі кинофильмді семиотика тұрғысынан зерттеген Юрий Михайлович Лотманға тиесілі деген шешімге келген. Ол киномәтінді бір уақытта белгілерден құралған дискретті мәтін ретінде және мағынасы мәтінге тәуелсіз болатын дискретті емес мәтін ретінде қарастырылады деп болжаған. Одан бөлек, Ю.М.Лотман кадр және кино фраза

Отандық медиапедагогиканың негізін қалаушы Ю.Н.Усовтың анықтамасы бойынша, киномәтін дыбыстық бейнелердің динамикалық құрылымы немесе кеңістіктік- уақыттық өлшемдері бар экрандық шарттары болатын пластикалық түрі және аудиовизуалды құралдармен суретшінің әлем және өзі туралы ойының бірізділігін береді сияқты киномәтін компоненттерін бөлген. Ю.М.Лотман бойынша, кадр деген кино тілінің басты ұғымы. Сондай-ақ, оған мынадай әртүрліленген анықтама берген: «монтаждың минималды бірлігі», «кино хабарлау композициясының басты бірлігі», «кадр ішілік элементтерінің бірлігі», «кино ұғымының бірлігі». Бұл жағдайда, кадр сөзбен және аналогиялық тұрғыда теңдестіріліп, кино тілі ұғымының басты тасымалдаушысы есептелген.

Киномәтін туралы ұқсас тәсілдемені Ю.Г.Цивьян баяндаған. Ол өзінің «Экранмен диалог» монографиясында белгілі бір жуықтау кезінде кез-келген фильмді үздіксіз мәтін бөліктерінің дискретті бірізділігі деп қарастырылады деген қорытындыға келеді. Бұл

бірзділікті ол киномәтін деп атаған. Киномәтіннің үздіксіз буыны кадр деп аталады. Осыған орай, киномәтін- ядролық кадрлардың тізбегі.

Е.Б.Иванова бойынша, кинофильм- ол жүйелі семиотикалық кеңістіктегі мәтін. Фильм пленкаға немесе өзге ақпарат тасымалдаушыға түсірілініп алынатын кадрлардың бірзділігі, сондай-ақ онда әдетте дыбыспен (сөз, әуен, шу) сүйемелденетін фотосуреттік және салынған суреттермен қамтылады.

Көптеген анықтамалар киномәтіннің коммуникативтік тұтастығын көрсетпей, тек жекеленген сипаттамаларын береді. Кинопленкаға түсірілініп алынған хабарлама ғылыми әдебиетте киномәтін деп аталған. Киномәтін- ақпаратпен қамтылған және киноматографияның кез-келген түрі мен жанрында баяндалатын хабарлама. Киномәтіннің коммуникативті сипаты мен жанрлық әртүрлілігін көрсететін бұндай анықтамалар оның маңызы жайлы ештеңе айтпайды.

Кинофильмді тілдік немесе тілдің емес үдеріс деп қарастырып қоюға болмайды. Оның маңыздылығын Е.Е.Анисимова енгізген креолизованный текст ұғымы көрсетеді. Оның құрылымына вербалды құралдармен қатар иконалық, яғни суреттер, фотосуреттер мен кесте, сызбанұсқа енген. Сонымен қатар, кескіндеме мәтіннің ажырамас бөлігі болып есептеледі. Креолизованный текст деген ерекше лингвовизуалды феномен, мұнда оның жіберушіге кешенді прагматикалық әсерін қамтамасыз ететін вербалды және бейнелі құрауыштары біртұтас визуалды, құрылымдық, мағыналық, функционалдық тұтастығын қалыптастырады. Креолизованный текст ұғымын суретті мәтінмен теңдестіріп қажеті жоқ. Ю.Н.Тынянов сурет пен көркем шығарма мәтіні арасындағы байланысты ойластыра келе, «кез-келген сурет - түсіндірменің жеке бөлігі, ол шығарма мәтінін бұрмалап, сығып тастайды, сондықтан күмәнді құндылықты көрсетеді», - деген қорытындыға келеді. Автор график пен сөзді сәйкестендіріп, заңды түрде қолданудың екі жолын көрсетеді, және де оның екеуі де «суреттен тыс». Біріншісі- ол суреттің мәтінді қоршауы, сөзді көркем суретпен байланыстыру. Мысал ретінде қолжазба түріндегі Пушкиннің суреттерін қарастыруға болады. Ал екіншісі- суреттің сөзге бара-бар жүруі, яғни «сөз өнерінде жеткізу элементі» ретінде. Креолизованный текст ұғымына осы график пен сөз сәйкестендірілуінің екінші түрі үйлеседі.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, лингвистикалық емес семиотикалық құрылым кинодискурста толық қарастырылған кезде лингвистикалық құрылымның басым келетініні ескере отыра кететін қажет. Ағылшын тілді кинофильмді зерттеуші С.Хозлофф вербалды емес фильм компоненттерінің маңызын айқындап, көрермен көңілін мәтінге аудартып, және киносценарийі мен титрларды оқығанда байқалмайтын түсірілім, монтаж, дыбыстық әсер ерекшеліктері мен актерлік ойынның вербалды компонентпен тығыз байланысқан деп есептеп, оны тереңірек зерттеуге бекінген.

У.Эко киномәтін құрамындағы бейне, әуен, дыбыс, сөзді ерекшелеп көрсетеді. Киномәтін хабарлама ретінде өздеріне мағыналық әртүрлі деңгейін қамтитын бірнеше субкодтарды құрайтын 3 басты кодқа негізделеді. Киномәтіннің басты кодтарына портретті, лингвистикалық, дыбыстық түрлері жатады. Киномәтіннің видео қатары портретті немесе иконалық кодпен жүзеге асады.

Иконалық суреттер- адамдар мен заттардың фотографиялық сурет; олар сол адам немесе заттың белгісіне айналып, және киномәтіннің лексикалық функциясының бірлігінің қызметін атқарады.

Киномәтіннің лингвистикалық құрылымы белгі нышандармен, лингвистикалық емес белгі көрсеткіштерімен, және белгі иконасымен жүзеге асады. Киномәтіндегі лингвистикалық құрылым символдық белгілердің көмегімен жеткізілетін жазбаша (фильмнің басты бөлігіне айналған титр мен жазбалар; қала мен көше атаулары, кіру мен шығу, хаттар және т.б), және ауызша (актердің сөйлейтін сөзі, кадрдан тыс мәтін, өлең, т.б) сөзден тұрады. Титрлар бастапқы, ақырғы және мәтін ішілік деп бөлінеді. Бастапқы титрларға фильмнің аты, фильмді шығарушы киностудия аты, фильмнің ұжымдық авторларының мағынасы жатады. Ал заманауи фильмдердегі ақырғы титрлар өздеріне бастапқы титрлардың кеңейтілген түрін жатқызады. Фильмнің ұжымдық авторынан бөлек, фильмді құруға ат салысқандардың бәрі,

түсірілімге қажетті реквизиттерді қамтамасыз ететін адамдар мен ұйымдар, сондай-ақ өзге де қызмет түрлерін (мысалы, телефон байланысын) атап өтеді. Жоспар кезінде ақырғы титрлардың сәйкестендірілуге беталысы бар, яғни заманауи фильмдерде қара фонда төменнен жоғарыға қарай жүріп отырады. Мәтін ішілік титр көбінесе деректік негіздерге қызмет етеді, яғни фильмдегі әрекеттің жері мен уақытының өзгергенін хабарлайды. Киномәтіннің лингвистикалық құрылымына иконалық және көрсеткіштік белгілер жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдашева А. Аударматану / Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы, Арыс. 1999. – 213 б.
2. Нұрмышева Ш.А. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты – 2010.

УДК 81-26:347.78.034

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ «ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІ

(қазақ және ағылшын тілдері материалдары бойынша)

Әбдраманов Олжас Маратұлы

870-950@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., проф. Сәтенова С.К.

Зерттеу жұмысы қазақ және ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы кейінірек қалыптасқан жаңа ұғымдардың бірі болып табылатын *толеранттылық* концептісін талдауға арналған. Бүгінгі таңда толеранттылық мәселесі бірқатар зерттеулерде сөз етілгенімен, зерттеу нысаны ретінде жан-жақты қарастырыла қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуді қажет ететін, теориялық тұжырымдары қалыптаса қоймаған, тың тақырыптар қатарына жатқызуға болады. Толеранттылықтың әртүрлі парадигмаларын бір арнаға тоғыстыру қиын және *толеранттылық* жөнінде нақты түсініктің қалыптаспауы да мәселені күрделендіре түседі. Сондай-ақ әрбір қоғамға тән ұлттық ерекшеліктердің де өзіндік қосар үлесі бар деп айтуға толық негіз бар. Дегенмен, қазіргі кезде әлемдегі ахуалдың шиеленісуі *толеранттылық* түсінігін, оның мәнін, оған тән ерекшеліктерді саяси, мәдениеттанымдық, когнитивтік және мәдениетаралық қатынас тұрғысынан анықтауды, талдап-таратуды талап етеді. Сондықтан, *толеранттылық* тәрізді тың да күрделі мәселенің әртіптес тілдердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы қолданысының, семантикалық қырларының айқындалуы тақырыптың *өзектілігін* көрсетеді.

Концепт көпқырлы құбылыс, оны зерттеу мен анықтаудың тәсілдері де әртүрлі. «Концепт» терминін анықтаудың логико-философиялық, когнитивті, лингвомәдени тәсілдері бар. Концептті анықтаудың логико-философиялық тәсілінде концепт түсініктің мазмұны, яғни мағына ретінде қарастырылады. Әлемді қабылдаудың «қарапайым» тәсілдері – көру, есту, сезу, иіс, дәм сезу қабілеттері – мағына немесе концептердің, әлем объектілерінің қалыптасуының жалғыз тәсілі. Бұл объектілер әлемнің белгілері (таңбалары) ретінде қарастырыла алады және сол белгілерге (таңбаларға) мағына беріледі. Мұндай мағыналар немесе концептер, өз кезегінде, адамның бар объектілер туралы шынайы немесе жалған ақпараты болып табылады. Мағыналардың немесе концептердің осындай қалыптасу үдерісінде жаңа мағыналар ескі мағыналардың негізінде қалыптасатыны маңызды.

Философ Р.И.Павиленистің айтуынша, концептті, яғни қандай да бір мағынаны ұғу дегеніміз қарастырылып отырған концепттің түсіндірушісі немесе талдаушысы ретінде алынған бар концептерден тұратын жүйе, құрылым жасауды білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, концептті ұғыну, яғни мағынаны түсіну адамның когнитивті өрісінде бар концептердің көмегімен және солардың негізінде жүзеге асады [1, 10].